

Ильясов Б.К., Батхиева Г., Нурходжаев Н.О. *

ветеринария.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ТҮЙЕ КОНЬЮНКТИВИТІ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ

Автор корреспондент: psnurjan@mail.ru

Түйін: Мақалада Атырау облысының Доссор Мақат ауылынан және Түркістан облысының Созақ, Отырар және Арыс аудандарынан түйелердегі өткір және созылмалы катаральды конъюнктивиттің зерттеу нәтижелері келтірілген. Бұл аймақтарда барлығы 31 тұқымды мал тексерілді. Авторлар алғашқы болып жергілікті түйелердегі жедел және созылмалы катаральды конъюнктивиттің клиникалық белгілерін сипаттады. Сонымен қатар, осы ауруды емдеу әдістері жасалған. Түйе конъюнктивитін емдеу үшін М.А.Юсупов, Б.К.Ильясов әдісі бойынша емдік және онымен байланысты дәрілер қолданылды. Жедел және созылмалы катаральді конъюнктивит кезінде авторлар ең жақсы нәтиже түйіндерді ассоциацияланған көз тамшыларымен күніне 2 рет (таңертең және кешке) 4-7 күн бойы емдеу кезінде алынғанын анықтады. Осымен бірге, түйенің азықтанатын шөптерінде басқа жануарлардан айырмашылығы бар. Мақалада қарастырылатын мәселенің ветеринарлық аспектісі – адам ағзасының саулығына да әсер етеді. Осыған орай, денсаулық интеллектісінің дұрыс дамып қалыптасуының түп-тамыры – адамның азықтанатын өнімдері болғандықтан мақалада қойылып отырылған мәселе өткір өзекті.

Кілт сөздер: түйе, жіті, катаральді, созылмалы конъюнктивит, көз, ассоциацияланған препарат, 3-5 тамшы.

Кіріспе

Түйенің ғылымымен айналысқан зерттеушілерінің айтуынша, аталған мал түлігі үй жануарларының ішіндегі ең сүйкімдісі, асықпай аяғын маң-маң басып, бұл жарықтықтың адам баласына жасалған сезімталдығымен әрі жақсылығын атаған жөн. Түйенің осы айтылған сүйкімділігі құранда да келтірілген.

Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасында, ертеден ата-бабамыздың мінсең – жексең – көлік, сүті және еті азық, жүнімен терісі киім болатын түйенің көз аурулары сирек кездесе де, әлі де елді мекендерде байқалатындығын атаған жөн. Ең бастысы түйе неге көз ауларымен сирек аурады немесе тіпті кейбір көз ауруларына шалдықпайды. Біздің болжамымыз бойынша, түйенің көз аумағы, сыртқы ортаның әсерінен жақсы қорғалған. Көз аумағында жүні өсіңкі, түйенің бойы биікте, басы көтеріңкі болғандықтан оған жел тұрғанда әртүрлі шөптің және басқа заттардың ұнтақтары немесе шаң т.б. ұсақ нәрселердің түсуіне басқа жануарлармен салыстырғанда жол аздау. Осымен бірге, түйенің азықтанатын шөптерінде басқа жануарлардан айырмашылығы бар.

Теоретикалық сараптама.

Біз, қол жеткен ғылыми әдебиеттерден түйенің көзаурулары жөніндегі мәліметтерді кездестіре алмадық. Сондықтан осы жұмыстың мақсаты түйе конъюнктивиті бойынша жиналған ғылыми жаңалықтарымызды жариялау. Ғылыми әдебиеттерде қара мал, ұсақ мал, және басқадауы жануарлардың көз аурулары жөнінде, әсіресе блефарит, конъюнктивит, кератит, керато-конъюнктивит, панофтальмиттер т.б. аурулар жөнінде келтірілген деректер жеткілікті. Жоғарыда аталған жануарлардың көз ауруларының этиологиясы, клиникалық белгілері, балауы, емі және аурудың алдын алу шаралары көптеген ғалымдармен зерттеліп әдебиеттерге тіркелген [1,2,3].

Түйенің көз ауруларын біз сонау 70-ші жылдардан бастап осы күнге де бақылауға алдық. Біздің бақылау және зерттеу жұмыстарымыз Атырау облысының Мақат, Доссор, Сагиз, Байшонас елді мекендерінің жеке меншіктегі малдары болса, кейіннен Түркістан облысының Отырар, Арыс, Созақ аудандарының түйе шаруашылықтарында жүргізілді.

Түйе конъюнктивитінің негізгі себептерінде басқа жануарлардың конъюнктивитінен

көп айырмашылығы жоқ. Атап айтсақ, әртүрлі механикалық әсерлер-жарақаттар, конъюнктивалдық қапшыққа бөгде заттардың түсуі (шөптің, ағаштың ұнтағы, желдің әсерінен шаң-тозаң, күл т.б.). Осыған қоса қабақтардың аномалиясы-қабақтың сыртқы немесе ішке қайырылуы, трихиазис. Аталған факторлар конъюнктиваны тітіркендіреді және оның қорғаныс функциясын бұзады.

Химиялық факторлерге, түйелер ұсталатын қораларды аммиакпен байыталған газдың исі, известі шаңы, түтін, әртүрлі тітіркендіргіш дәрі-дәрмектердің әсерлері. Түйенің конъюнктивалық қапшығында ұйқыда жатқан микроорганизмдердің қоспасы болғандықтан, мал организмнің қорғаныс күші азайғанда, солар вирулентті және патогенді болып конъюнктивит туындатады. Осыған қоса конъюнктивиттің туындауы, қабыну ахуалы көршілес ұлпалардан жалғасады (орбита, жас аппараты, қабықтардан, қасаң қабықтан, көздің ішкі бөліктерінен).

Зерттеу әдістері мен материалдар.

Біз, Мақат және Доссор кенттерінде конъюнктивитке шалдыққан 20 түйені зерттедік. Сол малдардың төменде ауру тарихын келтіргенді жөн санадық.

Бірінші мысал. Доссор кентіндегі Кененбаев Жолдастың түйесі 3 жаста, қос өркешті, тұқымы жергілікті бурадан. Т-37, пульсы 60, демалысы 14.

Түйенің көз аумағының, бастың басқада бөлігінің жүні түскен, жазықтықты тұрысы, шөгергенде жатуы, жем, шөп жеуі физиологиялық қалыпта сақталған. Жануардың көзін өз көзімізбен қарап зерттегенде, оның пішіні сақталған, оң көзінің қасаң қабығының ортасында мөлдірлігі, ылғалдығы бұзылмаған, тек оның шеттерілайланған; күн көзінің жарығына сезімталдығы байқалады. Саусақпен пальпациялағанда мал басын алып қашады, көзден жаспен араласқан серозды ағынды көрінді. Екі көзді салыстырмалы зерттегенде түйенің сол көзінде жоғарыда көрсетілген клиникалық белгілері байқалмады. Оң көздің жоғарғы және төменгі қабақтарын ашып қарағанда, көздің қан тамырлары ісінген, қызғылт түсте (гиперемияланған) және аздаған ауырсыну байқалады. Малды оң көзімен сол көзін пальпациялағанда, сол көздің аумағының жергілікті температурасы көтерілген. Көзден бөлінген серозды экссудат кірпіктің айналасына қатқан. Жоғары және астыңғы қабықтар домбыққан.

Осы айтылып отырған конъюнктивиттің клиникалық белгілері 2-4 тәулікте байқалды. Аурудың өтуі 1,5-2 жұма аралығында өтеді, малдың күтімі жақсы болса, жіті ахуал басылып, түйе аурудан жазыла бастайды, немесе малдың күтімі төмен болса, конъюнктивит созылмалы катаралды түріне айналады. Созылмалы катаралды конъюнктивит жітіге қарағанда бәсеңдеу дамиды, бірақ ұзақ уақытқа созылады. Егержануар антисанитарлық жағдайда ұсталып күтілсе, онда конъюнктивиттің қайталануы (рецидиві) жиі болады. Бұл кезеңде малдың көзінде әлсіз инфильтрация, жеткілікті гипермия болып, конъюктива кебе бастайды. Конъюнктиваның түсі солғын-қызыл, қызыл-сары, тегіс емес (фоликулалардың ісінуінен) фоликула түрінде алқызыл түске айналады. Асқыну бөлінген секреттің көбеюімен, сұйықтанумен сипатталады. Көзден серозды сұйықтың ағуы қабақтың және жақтың терісінде дерматиттің пайда болуына соқтырады. Аурудың жазылуы бірнеше тәулікке (19-21) созылады.

Зерттеу нәтижесі және талқылау.

Түркістан облысы Созақ, Отырар, Арыс аудандарының түйе шаруашылықтарындағы (Жанболат шаруа қожалығы,) малдардың көзін зерттеу нәтижесінде жоғарыда аталған клиникалық белгілермен Созақтан – 2, Отырардан – 4 және Арыстан – 5 түйеге кератаконъюнктивит балауын қойдық.

Болжам жіті катаралды конъюнктивитте егер мезгілінде емделсе, болжам жақсы. Аталған конъюнктивитте малдың күтімінде антисанитарлық жағдайда туындаса, түйенің азығында витаминдер жетіспесе (әсіресе А витамині) немесе мал арықтап, жалпы қорғаныс күші азайса, асқынулар болатындығын байқадық.

Созылмалы катаралды конъюнктивитте түйе көзінің жазылып кетуіндегі болжамы сақтықты тілейді, егердеасқынулар болса, қабақтар сыртқа немесе ішкеқайырлуы мүмкін,

ал бұдан патологиялық ахуал мұрын-жас түтікшесіне таралуы әбден мүмкін.

Емі. Жіті және созылмалы катаралды конъюнктивиттерде емдері бірдей. Біріншіден түйенің күтімі, бағымы және ұсталуы зоогигиеналық ережеге сай болуы керек. Патологияға ұшыраған жануарларға витаминге, макро-микроэлементтерге бай азықтарды берген жөн. Түйе тұрған қораны желдеткіштермен ішіндегі ауаны тазарту керек. Бір сөзбен айтқанда, малдың ауруға қорғаныс күшін көтеру керек. Конъюнктивитке шалдыққан түйенің себебі белгілі болса, оны жою керек. Негізінен антисептикалық препараттар қолданылады.

Конъюнктивиттің еміне бірінші тәуліктерде суық компресстерді, резинді колпакка салынған мұз қолданылды, патологияға ұшырған ұлпадан сұйықтық бөліне бастағанда, суықты жылумен ауыстыру керек. Конъюнктивалдық қапшықты 3% бор қышқылымен жудық, күніне 1-2 рет 0,5-1% азотты қышқыл күмістің ерітіндісі қапшыққа жағылады да, ас тұзының 1% ерітіндісімен шайылады. Жағымды препарат ретінде күкірт қышқыл цинкті (0,25-2%) таза күйінде немесе оның 1-2% новокаинмен қоспасы қолдандық. Созылмалы катаралды конъюнктивитте азотқышқыл күмістің концентрациясын 3-5% көбейту керек, бірақ препаратты қасаң қабыққа тигізбеу керек, кейін 1% ас тұзының ерітіндісімен шаяған жөн. Осымен бірге, емге біз дайындаған ассоцияланған препарат (М.Юсупов, Б.К.Ильясов, Инновациялық патент №23103) таңертең және кешке 3-5 тамшы тамызылады.

Екінші мысал. Атырау облысының Мақат кентіндегі Кенжеғалиева Нағиманың түйесі 5 жаста, жергілікті бурамен будандастырылған, қос өркешті. Анамнез жинаудың барысында түйенің екі көзінен жасағып, көбінесе қараңғы қораға кіретіндігі айтылған. Шөп, азық жеуі физиологиялық қалыпта екендігі анықталды. Жоғарғы аталған клиникалық белгілер тек Кенжеғалиеваның түйесінде емес, Мақаттың басқа түйелерінде, көбінесе наурыз-мамыр айларында жиі кездесетінін жануарлардың иелерінен естідік.

Үшінші мысал. Түйе конъюнктивитіне балау қою Түркістан облысының Созақ, Отырар, Арыс аудандарының түйе шаруашылықтарында (Жанболат шаруа қожалығы), (9 түйеге) жүргізілді. Оларда төмендегідей клиникалық белгілер байқалды: түйелерінің орбита маңындағы жүні түскен, зерттеу барысында көз орбитасының конфигурациясы бұзылмаған. Конъюнктивальдық қапшықты пальпациялағанда ауырсыну байқалады, жоғарғы және төменгі қабақтарды саусақпен ашып қарағанда, кілегей қабықта гипермия барлығы және олар күрең-қызыл түске боялған. Конъюнктивалдық қапшықтан әуелі жас, кейіннен катаралды эксудат ағымы төменгі қабықтың терісіне ағып, жүндері желімделген. Түйелердің қайсысы болса да жарықтан қашып, қораларына тығылғандығы байқалды. Аурудың дамуы жіті катаралдық конъюнктивитте 2-5 тәулік аралығында, созылмалы катаралды конъюнктивитте 12 тәуліктерге дейін созылады.

Катаралды конъюнктивиттердің емдері бірнеше және екінші мысалдардағы емдерден ешқандай айырмашылығы болмады. Тек катаралды созылмалы конъюнктивитке ұшырағын түйелердің көзіне окситетрациклин майы жағылды. Түйелердің екі көзіне ассоцияланған препарат тәулігіне екі рет (таңертең, кешке) 3-5 тамшыдан тамызылды.

Жіті катаралды конъюнктивитке шалдыққан түйелер жоғарыда көрсетілген емдерден 7-12 тәулік аралығында, созылмалы катаралды конъюнктивитпен ауырған түйелердің жазылуы 10-25 тәуліктерге созылды.

Қорытындылар

Атырау және Түркістан облыстарының түйе шаруашылықтарында (елді мекендерінде) түйелердің жіті және созылмалы катаралды конъюнктивиттерге шалдығуы тіркелді.

Түйе конъюнктивитін емдеуге бұрынан белгілі емдермен бірге, авторлар (М.Юсупов, Б.К.Ильясов) дайындаған ассоцияланған препараттың емдік әсері нәтижелі болғандығы анықталды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Шакалов К.И., Башкиров Б.А., Поваженко И.Е и др. Частная ветеринарная хирургия, Ленинград, 1986, С. 476.

2 Ильясов Б.К. Иттің көз ауруларына шолу Журнал Жаршы №11, 2003ж. 54-57 бет.

3 Ильясов Б.К. Алимгазина С. Ит кератоконъюнктивитінің хирургиялық емін жетілдіру. Журнал Жаршы №8, 2004, 29-30 б.

Аннотация: В статье приведены результаты исследований острого и хронического катарального конъюнктивита у верблюдов поселок Макат, Доссор Атырауской области и Созакского, Отрарского и Арыского районов Туркестанской области. Всего в указанных областях исследовано 31 голов животных местной породы. Авторами впервые были описаны клинические признаки острого и хронического катарального конъюнктивита у верблюдов местной породы. Кроме того, разработаны методы лечения от данной болезни. Для лечения конъюнктивита верблюдов использованы медикаментозные и ассоциированные препараты по методу М.А.Юсупова, Б.К.Ильясова. При остром и хроническом катаральном конъюнктивите авторами установлено, что наилучший результат было получены при лечении верблюдов ассоциированными глазными каплями 2 раза в день (утром и вечером) в течении 4-7 дней.

Abstract: The article presents the results of studies of acute and chronic catarrhal conjunctivitis in camels of the village. Makat, Dossor of Atyrau region and Sozak, Otrar and Ary districts of Turkestan region. A total of 31 heads of local animals were studied in these areas. The authors first described the kinic signs of acute and chronic catarrhal conjunctivitis in camels of local breed. In addition, methods of treatment for this disease have been developed. For the treatment of camel conjunctivitis, medicinal and associated drugs were used according to the method of M. A. Yusupov and B. K. Ilyasov. In acute and chronic catarrhal conjunctivitis, the authors found that the best result was obtained when treating camels with associated eye drops 2 times a day (morning and evening) for 4-7 days.